**Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу және оларға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру бойынша мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 2102 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 ақпандағы № 111 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.02.2014 № 111 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.09 № 238 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына және «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1, 15-2-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру» бойынша мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.09 № 238 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 2102 қаулысымен
бекітілген

**«Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу және оларға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.03.09 № 238 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыпта және мәтінінде «көрсету» деген сөз алып тасталды - ҚР 2011.03.31 N 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті осы стандартқа 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары көші-кон полициясының аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - көші-қон полициясы бөлімшелері) көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңның 2 және 4-баптарына, «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңның 9 және 49-баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі № 1063қаулысымен бекітілген Халықты құжаттандыру қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.03.28 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат, сондай-ақ оларды толтыру үлгілері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ІІМ) www.mvd.kz және тізбесі осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ішкі істер департаменттерінің (бұдан әрі - ІІД) интернет-ресурсында, «Ішкі істер органдарының қызметі туралы» бөлімде, сондай-ақ ресми ақпарат көздері мен көші-қон полициясының бөлімшелерінде орналасқан стенділерде орналастырылады.

5. Азаматтарды тіркеу кітабында, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдардың куәліктерінде тіркеу туралы мөртаңба қою немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мемлекеттік қызмет көрсетудің аяқталу нәтижесі болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет:

1) «тұрақты тұру үшін» санатындағы визасы бар;

2) Қазақстан Республикасында өзге де заңды негізде уақытша болатын (визалар негізінде не кірудің және болудың визасыз тәртібі туралы келісімнің негізінде) шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға (бұдан әрі - тұтынушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет мерзімдері:

1) тұтынушының осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тапсырған және өтініштің қабылданғаны туралы талонды алған сәтінен бастап – күнтізбелік 60 күн;

2) Қазақстан Республикасына көшіп-қону квотасына сәйкес келген шетелдіктер қажетті құжаттарды тапсырған және өтініштің қабылданғаны туралы талонды алған сәтінен бастап – күнтізбелік 10 күн;

3) мемлекеттік қызметті ұсыну үшін қажетті құжаттарды тапсыру кезінде тұтынушының кезек күтуінің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут;

4) тіркеуді жүзеге асыру кезінде алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.03.28 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы болып табылады. Мемлекеттік қызмет үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті телемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 540-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол мемлекеттік баж төленген күнге белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 10 пайызын құрайды.

Мемлекеттік баждың сомасын төлеу банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен жүргізіледі, олар төлемнің мөлшері мен күнін растайтын құжат береді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.03.31 N 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

9. Мемлекеттік қызмет аптасына бес жұмыс күнінде ұсынылады, сағат 13-00-ден 14-30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін, сондай-ақ сенбіде сағат 9-00-ден 13-00-ге дейін ұсынылады. Қабылдау нақты кезекке тұру тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

10. Осы мемлекеттік қызметті көрсететін көші-қон полициясы бөлімшелерінің үй-жайлары әдетте, ғимараттың бірінші қабатында орналасады, ішкі істер органдарының басқа бөлімшелерінен бөлек, физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың кіруіне арналған құрылғылары бар кіретін есігі болады.

Күту залы, құжаттарды толтыруға арналған орындар қажетті құжаттардың тізбесі мен оларды толтыру үлгілері бар стенділерімен жарақталады.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы:
1) «тұрақты тұру үшін» санатындағы визасы бар адамдар:
Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері мен көші-қон полициясы бөлімшелері беретін «тұрақты тұру үшін» санатындағы визасы бар жарамды паспортын немесе азаматтығы жоқ адамның құжатын;
өлшемі 35х45 мм екі фотосурет (фотосурет тұтынушының жасына сәйкес болуы және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген болуы тиіс әрі адамның беті фотосуреттің жалпы алаңының 75%-ға жуығын алуы тиіс);
2) Қазақстан Республикасында өзге де заңды негізде уақытша болатын адамдар:
бланкісін көші-қон полициясы бөлімшелерінің қызметкерлері беретін өтініш-сауалнаманы;
келген елінде соттылығының бар болуын не жоқтығын растайтын құжатты;
кету парағы не шетелге тұрақты тұру үшін шығуға рұқсатты растайтын басқа құжат ретінде болуы мүмкін шетелдіктің азаматтығы мемлекетінің жазбаша келісімін;
жарамды паспортты немесе азаматтығы жоқ адамның құжатын;
Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау органдары беретін медициналық куәландыру туралы ресми анықтаманы;
Қазақстан Республикасында болу кезеңінде төлем қабілеттігін растау туралы белгіленген үлгідегі құжатты;
өлшемі 35х45 мм екі фотосурет (фотосурет тұтынушының жасына сәйкес болуы және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген болуы тиіс әрі адамның беті фотосуреттің жалпы алаңының 75%-ға жуығын алуы тиіс) ұсынады.
Көшіп-қону квотасына сәйкес Қазақстан Республикасына келген шетелдіктер мынадай құжаттарды:
көшіп-қону квотасына қосылғанын растайтын құжатты;
бланкісін көші-кон полициясы бөлімшелерінің қызметкерлері беретін өтініш-сауалнаманы;
кету парағы не шетелге тұрақты тұру үшін шығуға рұқсатты растайтын басқа құжат ретінде болуы мүмкін шетелдіктің азаматтығы мемлекетінің жазбаша келісімін;
жарамды паспортты немесе азаматтығы жоқ адамның құжатын;
өлшемі 35х45 мм екі фотосурет (фотосурет тұтынушының жасына сәйкес

болуы және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген болуы тиіс әрі адамның беті фотосуреттің жалпы ауданының 75%-ға жуығын алуы тиіс) ұсынады.

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан және азаматтығы жоқ адамның мәртебесін немесе шет мемлекеттің азаматтығын алған азаматтар елден тыс жерге шықпай мынадай құжаттарды:

бланкісін көші-қон полициясы бөлімшелерінің қызметкерлері беретін өтініш-сауалнаманы;

жарамды паспортты немесе азаматтығы жоқ адамның құжатын;

мекенжай анықтамасын;

мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртек;

өлшемі 35х45 мм екі фотосурет (фотосурет тұтынушының жасына сәйкес болуы және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген болуы тиіс әрі адамның беті фотосуреттің жалпы ауданының 75 %-ға жуығын алуы тиіс) ұсынады.

Ескертпе:

Оралмандардан, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туған немесе бұрын азаматтығында болған отандастардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығын оңайлатып алу құқығы бар адамдар мен олардың отбасы мүшелерінен 2) тармақшаның жетінші абзацында көрсетілген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Ішкі істер органдары құжаттарды заңды және жеке делдал тұлғалардан қабылдауды жүзеге асырмайды.

Тіркеу және Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы оң шешім шығарылған жағдайда тұтынушы көші-қон полициясы бөлімшесіне:

шетелдікті не азаматтығы жоқ адамды тіркеуге келісім беретін адамның азаматтарды тіркеу кітабын;

мемлекеттік бажды төлегені туралы құжатты;

бланкісі көші-қон полициясының бөлімшелерінде берілетін толтырылған мекенжай келу парағын;

бланкісі көші-қон полициясының белімшелерінде берілетін келу парағына толтырылған статистикалық есепке алу талонын көрсетеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.03.28 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12. Бланкілерді көші-қон полициясы бөлімшелерінің қызметкерлері береді, сондай-ақ ІІМ-нің www.mvd.kz, ІІД-нің интернет-ресурсында «Ішкі істер органдарының қызметі туралы» бөлімінде орналастырылады, олардың тізбесі осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген.

13. Толтырылған өтініштер мен осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген

бланкілер тұтынушының болатын жері бойынша көші-қон полициясы бөлімшелеріне тапсырылады.

14. Көші-қон полициясы бөлімшесінің қызметкері тұтынушыға осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдағаны туралы талон береді.

15. Тіркеу және Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыру мәселесі бойынша қабылданған шешім туралы тұтынушыға көші-қон полициясы бөлімшесінің қызметкерлері ішкі істер органдарының басшылары қорытындыға қол қойған сәттен бастап 7 жұмыс күні мерзімінде телефон арқылы немесе жеке қабылдауда хабардар етеді.

16. Көшіп-қонушыларға:

1) заңсыз келгендерге, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін өздері шыққан елдердің заңнамасы бойынша қудалауға ұшыраған адамдарға;

2) сотталғанға дейін тұрақты тұратын жері Қазақстан Республикасының шегінен тыс болған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға;

3) адамзатқа қарсы қылмыс жасаған адамдарға;

4) оралмандарды, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында тұрған отандастарымызды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығын оңайлатып алу құқығы бар адамдар мен олардың отбасы мүшелерін қоспағанда, өзінің төлем қабілеттілігін растауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мөлшерде табыс етпеген адамдарға;

5) шетелдіктердің Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайы туралы заңнаманы бұзғандарға;

6) ұлтаралық және діни араздықты тұтандыратын адамдарға;

7) әрекеті конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталған адамдарға;

8) Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шыққан, оның бірлігі мен аумағының тұтастығын бұзуға шақырған адамдарға;

9) террористік әрекеті, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар адамдарға;

10) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу туралы қолдау хатпен жүгінген кезде жалған құжаттар ұсынған не өзі туралы жалған мәліметтер хабарлаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қажетті құжаттарды дәлелсіз себептермен тапсырмаған адамдарға;

11) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу сәтінде Қазақстан Республикасынан бес жылдың ішінде шығарып жіберілген адамдарға;

12) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

13) Қазақстан Республикасынан уақытша шыққан және Қазақстан Республикасына қайып оралуға өтініш берілген мерзімнен алты ай өтіп кеткен соң оралмаған адамдарға;

14) егер неке соттың заңды күшіне енген шешімімен заңсыз болып танылса, тұруға ыхтиярхатты алуға негіз болған Қазақстан Республикасының азаматтарымен некеге отырған адамдарға;

15) Қазақстан Республикасына кіру үшін қарсы көрсетілімі бар сырқаты бар адамдарға «Халықтың көші-қоны туралы» Заңның 49-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тартылады не бұрын берілген рұқсаттың күші жойылады.

Тұруға ыхтиярхат немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігін беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.03.28 № 362 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. Көші-қон полициясы бөлімшелерінің қызметі адамның конституциялық құқықтарын, қызметтік борышты орындау кезінде заңдылықты, Ішкі істер органдары қызметкерінің ар-намыс кодексін сақтауға негізделеді және сыпайылық, толық ақпарат беру, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Көші-қон полициясы бөлімшелерінің жұмыс нәтижелері осы стандартқа 3 -қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Көші-қон полициясы бөлімшелерінің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын ІІМ-нің бұйрығымен бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелеріне шағымдану тәртібі туралы ақпаратты осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша ІІД-нің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон полициясы

комитетінің, (бұдан әрі - ҚКПК) ІІМ хатшылығынан алуға болады.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушы шағымды ҚКПК-ге мына мекенжай бойынша береді:

Астана қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 1/1, телефон 71-42-62.

Жұмыс кестесі: жұмыс күндері сағат 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-30-ға дейін.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.03.28 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

22. Дөрекі қызмет көрсетілген жағдайда шағым Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің атына мынадай мекенжай бойынша: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 1; телефон: 8 7172) 71-40-10, факс 8 (7172) 37-06-01, жұмыс күндері сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-30-ға дейін, сондай-ақ www.mvd.kz интернет-ресурсында беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағым ерікті нысанды жазбаша түрде пошта, электрондық пошта не ІІО-ның, ІІД-нің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон полициясы комитетінің, ІІМ-нің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымға тұтынушы қол қоюы тиіс.

25. Қабылданған шағым ішкі істер органының ақпаратты есепке алу журналына тіркеледі. Өтінішті/арызды күні мен уақыты, қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, сондай-ақ берілген шағымға алынатын жауаптың мерзімі мен орны және осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері көрсетілген талон шағымның қабылданғанын растайтын құжат болып табылады.

Шағым «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген тәртіппен қаралады.

26. Мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты мынадай мекенжай бойынша: 010000, Астана қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 1/1, ҚКПК; ІІМ-нің интернет-ресурсы: www.mvd.kz, «Ішкі істер органдарының қызметі туралы» бөлімде, қабылдау бөлмесінің телефоны 8 (7172) 71-42-62, осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес ІІД-ден алуға болады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.03.28 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 2102 қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандартына 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.03.31 N 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

| Р/с № | Ішкі істер департаменттері | Заңды мекен-жайы | Интернет-ресурс | Ішкі істер департаментері хатшылығының телефондары | Көші-қон полициясы бөлімшелерінің телефондары |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Астана қаласының Ішкі істер департаменті | Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 29 | www.ast.dvd.mvd.kz | 71-61-98, 71-61-99 | 71-61-70, 71-60-18, 71-63-66 |
| 1) | «Алматы» ауданының Ішкі істер басқармасы | Астана қаласы, Жансүгіров көшесі, 2 | | 71-68-63 | 71-67-37 |
| 2) | «Сарыарқа» ауданының Ішкі істер басқармасы | Астана қаласы, Есенберлин көшесі, 1 | | 71-66-32 | 71-66-46 |
| 3) | «Есіл» ауданының Ішкі істер басқармасы | Астана қаласы, Қорғалжын тас жолы, 21 | | 79-88-02, 79-88-10 | 79-88-02 |
| 2. | Ақмола облысының Ішкі істер департаменті | Көкшетау қаласы, Горький көшесі, 35 | www.akmdvd.online.kz | 29-11-24, 29-11-25 | 25-66-62, 25-57-01 |
| 1) | Көкшетау қаласының Ішкі істер басқармасы | Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 121 | | 25-78-05, 29-96-79 | 23-03-49 |
| 2) | Степногор қаласының ішкі істер басқармасы | Степногор қаласы, 5 -шағын аудан, 49 | | 5-82-02 | 5-82-02 |
| 3) | Ақкөл ауданының ішкі істер бөлімі | Ақкөл қаласы, Октябрь көшесі, 2 | | 2-10-02 | 2-10-02 |
| 4) | Аршалы ауданының ішкі істер бөлімі | Аршалы ауылы, Ташенов көшесі, 47 | | 2-17-44 | 2-17-44 |
| 5) | Астрахань ауданының ішкі істер бөлімі | Астрахань ауылы, Байтұрсынов көшесі , 16 | | 2-13-02 | 2-13-02 |
| 6) | Атбасар ауданының ішкі істер бөлімі | Атбасар қаласы, Урицк көшесі, 38 | | 4-37-40 | 4-37-40 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7) | Бұланды ауданының ішкі істер бөлімі | Макинск қаласы, Сейфуллин көшесі, 135 | | 2-10-02 | 2-10-02 |
| 8) | Егіндікөл ауданының ішкі істер бөлімі | Егіндікөл ауылы, Бейбітшілік көшесі, 8 | | 2-14-85 | 2-14-85 |
| 9) | Еңбекшілдер ауданының ішкі істер бөлімі | Степняк қаласы, Ленин көшесі, 79 | | 2-30-40 | 2-30-40 |
| 10) | Ерейментау ауданының ішкі істер бөлімі | Ерейментау қаласы, Бөгенбай көшесі, 79 | | 3-32-68 | 3-32-68 |
| 11) | Есіл ауданының ішкі істер бөлімі | Есіл қаласы, Әуезов көшесі, 63 | | 2-12-02 | 2-12-02 |
| 12) | Жақсы ауданының ішкі істер бөлімі | Жақсы ауылы, Тұрлыбаев көшесі, 34 | | 2-12-89 | 2-12-89 |
| 13) | Жарқайың ауданының ішкі істер бөлімі | Державинск қаласы, Захаров көшесі, 33 | | 9-63-33 | 9-63-33 |
| 14) | Зеренді ауданының ішкі істер бөлімі | Зеренді ауылы, Ілиясов көшесі, 42 | | 3-44-02 | 3-44-02 |
| 15) | Қорғалжын ауданының ішкі істер бөлімі | Қорғалжын ауылы, Болғанбаев көшесі, 8 | | 2-14-35 | 2-14-35 |
| 16) | Сандықтау ауданының ішкі істер бөлімі | Балкашино ауылы, Абай көшесі, 101 | | 5-00-02 | 5-00-02 |
| 17) | Целиноград ауданының ішкі істер бөлімі | Ақмол ауылы | | 92-4-18 | 92-4-18 |
| 18) | Шортанды ауданының ішкі істер бөлімі | Шортанды ауылы, Советская көшесі, 21 | | 2-75-02 | 2-75-02 |
| 19) | Бурабай ауданының ішкі істер бөлімі | Щучинск қаласы, Коммунистическая көшесі, 33 | | 4-27-27, 4-43-65 | 4-43-65 |
| 3. | Алматы қаласының Ішкі істер департаменті | Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 109а | www.almaty.police.kz | 254-41-55, 254-42-24 | 254-40-14, 254-40-34, 254-40-33 |
| 1) | Алатау ауданының Ішкі істер басқармасы | Алматы қаласы, Өтеген батыр көшесі, 78 | | 298-54-85 | 298-54-88 |
| 2) | Алмалы ауданының Ішкі істер басқармасы | Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 109 | | 254-46-29 | 254-46-22 |
| 3) | Әуезов ауданының Ішкі істер басқармасы | Алматы қаласы, Өтеген батыр көшесі, 76 | | 298-53-53 | 221-09-86 |
| 4) | Бостандық ауданының Ішкі істер басқармасы | Алматы қаласы, Радостовец көшесі, 205 | | 254-47-34 | 395-05-43 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5) | Жетісу ауданының Ішкі істер басқармасы | Алматы қаласы, Райымбек көшесі, 158 а | | 279-96-88 | 233-69-18 |
| 6) | Медеу ауданының Ішкі істер басқармасы | Алматы қаласы, Зенков көшесі, 37 | | 254-48-18 | 254-48-15 |
| 7) | Түріксіб ауданының Ішкі істер басқармасы | Алматы қаласы, Рихард Зорге көшесі , 14 | | 298-54-09 | 298-54-45 |
| 4. | Ақтөбе облысының Ішкі істер департаменті | Ақтөбе қаласы, 312 Атқыштар дивизиясы даңғылы, 5А | www.aktobepolice.kz | 51-27-55, 93-03-03 | 22-10-52, 22-14-75 |
| 1) | Ақтөбе қаласының ішкі істер басқармасы | Ақтөбе қаласы, Әйтеке би көшесі, 21 | | 21-23-38, 40-41-08 | 97-08-77, 97-08-70 |
| 2) | Әйтеке би ауданының ішкі істер бөлімі | Комсомол ауылы, Ардагер көшесі, 7 | | 2-14-29 | 2-17-75 |
| 3) | Алға ауданының ішкі істер бөлімі | Алға қаласы, Мұхамбетов көшесі, 28 | | 3-11-02 | 3-37-02 |
| 4) | Байғанин ауданының ішкі істер бөлімі | Байғанин ауылы, Советтер көшесі, 15 | | 22-1-74 | 22-6-82 |
| 5) | Ырғыз ауданының ішкі істер бөлімі | Ырғыз ауылы, Ленин көшесі, 14 | | 2-12-27 | 2-12-03 |
| 6) | Қарғалы ауданының ішкі істер бөлімі | Бадамша ауылы, Пацаев көшесі, 9 | | 23-6-31 | 22-8-57 |
| 7) | Мәртөк ауданының ішкі істер бөлімі | Мәртөк ауылы, Ленин көшесі, 45 | | 2-14-04 | 2-14-90 |
| 8) | Мұғалжар ауданының ішкі істер бөлімі | Қандыағаш қаласы, Жамбыл көшесі, 74а | | 3-66-08 | 3-61-38 |
| 9) | Темір ауданының ішкі істер бөлімі | Шұбар құдық ауылы, Желтоқсан көшесі, 1 | | 2-23-60 | 2-32-02 |
| 10) | Ойыл ауданының ішкі істер бөлімі | Ойыл ауылы, Қойшығұлов көшесі , 42 | | 2-18-98 | 2-17-17 |
| 11) | Қобда ауданының ішкі істер бөлімі | Қобда ауылы, Астана көшесі, 97 | | 2-16-92 | 2-16-95 |
| 12) | Хромтау ауданының ішкі істер бөлімі | Хромтау қаласы, Абай даңғылы, 10 | | 2-12-37 | 2-16-24 |
| 13) | Шалқар ауданының ішкі істер бөлімі | Шалқар қаласы, Есет Көтібарұлы көшесі, 88 | | 2-14-61 | 2-14-63 |
| 5. | Алматы облысының Ішкі істер департаменті | Талдықорған қаласы Жансүгіров көшесі, 91/95 | www.jetisu-police.kz | 60-02-11, 60-01-54 | 60-00-79, 60-00-57 |
| 1) | Талдықорған қаласының Ішкі істер басқармасы | Талдықорған қаласы , Абай көшесі, 249 | | 60-86-04 | 24-42-00 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2) | Еңбекшіқазақ ауданының Ішкі істер басқармасы | Есік қаласы, Тоқатаев көшесі, 105 | | 4-48-89 | 4-48-89 |
| 3) | Іле ауданының Ішкі істер басқармасы | Өтеген батыр ауылы , Батталханов көшесі | | 51-72-14 | 51-72-14 |
| 4) | Қарасай ауданының Ішкі істер басқармасы | Қаскелең қаласы, Абылайхан көшесі, 90 | | 98-34-22 | 2-28-06 |
| 5) | Талғар ауданының ішкі істер басқармасы | Талғар қаласы, Абылай хан көшесі, 120 | | 295-61-05 | 295-61-05 |
| 6) | Қапшағай қаласының ішкі істер бөлімі | Қапшағай қаласы, Қонаев көшесі, 4 | | 4-17-98 | 4-10-98 |
| 7) | Текелі қаласының ішкі істер бөлімі | Текелі қаласы, Қонаев көшесі, 104 | | 4-51-18 | 4-51-18 |
| 8) | Ақсу ауданының ішкі істер бөлімі | Жансүгіров кенті, Жекебаев көшесі, 104 | | 2-15-95 | 2-15-95 |
| 9) | Алакөл ауданының ішкі істер бөлімі | Үшарал қаласы, Қонаев көшесі, 9 | | 2-12-84 | 2-22-14 |
| 10) | Балқаш ауданының ішкі істер бөлімі | Бақанас ауылы, Сейфуллин көшесі, 1 | | 91-4-01 | 91-4-01 |
| 11) | Ескелді ауданының ішкі істер бөлімі | Қарабұлақ кенті, Оразбеков көшесі, 10 | | 3-01-02 | 3-01-02 |
| 12) | Жамбыл ауданының ішкі істер бөлімі | Ұзынағаш ауылы, Рысқұлов көшесі, 78 | | 2-12-45 | 2-15-45 |
| 13) | Қаратал ауданының ішкі істер бөлімі | Үштөбе қаласы, Төле би көшесі, 63 | | 2-10-02 | 2-11-57 |
| 14) | Кербұлақ ауданының ішкі істер бөлімі | Сарыөзек ауылы, Момышұлы көшесі, 32 | | 31-8-55 | 31-8-55 |
| 15) | Көксу ауданының ішкі істер бөлімі | Балпық би ауылы, Исабаев көшесі, 122 | | 2-02-18 | 2-06-46 |
| 16) | Панфилов ауданының ішкі істер бөлімі | Жаркент қаласы, Жансүгіров көшесі, 102 | | 5-12-02 | 5-12-02 |
| 17) | Райымбек ауданының ішкі істер бөлімі | Бөген ауылы, Жамбыл көшесі, 9 | | 2-13-98 | 2-15-59 |
| 18) | Сарқанд ауданының ішкі істер бөлімі | Сарқанд қаласы, Жамбыл көшесі, 42 | | 2-10-02 | 2-11-54 |
| 19) | Ұйғыр ауданының ішкі істер бөлімі | Шонжы ауылы, Исламов көшесі, 51 | | 2-15-97 | 2-15-97 |
| 6. | Атырау облысының Ішкі істер департаменті | Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 85 | www.dvd-atyrau.kz | 98-21-17, 98-20-57 | 98-20-23, 98-20-77 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1) | Атырау қаласының Ішкі істер басқармасы | Атырау қаласы, Молдағұлова көшесі , 247 | | 98-15-72 | 98-15-14 |
| 2) | Жылыой ауданының ішкі істер бөлімі | Құлсары қаласы, Дүйсенбеков көшесі , 54 | | 5-17-22 | 5-17-22 |
| 3) | Индер ауданының ішкі істер бөлімі | Индер кенті, Нысанбаев көшесі, 9 | | 2-13-65 | 2-13-65 |
| 4) | Исатай ауданының ішкі істер бөлімі | Аққыстау ауылы, Егемен Қазақстан көшесі, 11 | | 2-02-02 | 2-06-97 |
| 5) | Қызылқоға ауданының ішкі істер бөлімі | Миялы ауылы, Абай көшесі, 8 | | 2-12-06 | 2-12-01 |
| 6) | Құрманғазы ауданының ішкі істер бөлімі | Ганюшкино ауылы, Абай көшесі, 37 | | 2-11-89 | 2-11-20 |
| 7) | Мақат ауданының ішкі істер бөлімі | Мақат ауылы, Газовик көшесі, 13 | | 3-09-60 | 3-09-60 |
| 8) | Махамбет ауданының ішкі істер бөлімі | Махамбет ауылы, Абай көшесі, 13 | | 2-23-67 | 2-23-67 |
| 7. | Шығыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті | Өскемен қаласы, Ворошилов көшесі, 1 | www.02vko.kz | 23-43-17, 23-42-11, 23-43-21 | 23-42-17, 23-42-56 |
| 1) | Өскемен қаласының Ішкі істер басқармасы | Өскемен қаласы, Пролетарская көшесі, 152 | | 23-27-11, 23-27-12, 23-26-22 | 23-27-25, 23-27-86, 23-27-16 |
| 2) | Семей қаласының Ішкі істер басқармасы | Семей қаласы, Б. Момышұлы көшесі, 17 | | 56-97-56 | 56-93-90 |
| 3) | Аягөз қаласының және Аягөз ауданының ішкі істер бөлімі | Аягөз қаласы, Тәңіберген көшесі, 68 | | 3-33-43, 3-14-88 | 3-33-43, 3-14-88 |
| 4) | Зырян қаласының және Зырян ауданының ішкі істер бөлімі | Зырян қаласы, Горький көшесі, 34 | | 4-19-31, 3-10-08 | 4-19-31, 3-10-08 |
| 5) | Риддер қаласының ішкі істер бөлімі | Риддер қаласы, Тоқтаров көшесі, 8 | | 4-47-41, 4-22-50 | 4-52-13 |
| 6) | Абай ауданының ішкі істер бөлімі | Қарауыл ауылы, Молдағалиев көшесі , 13 | | 9-13-26 | 9-13-26 |
| 7) | Бесқарағай ауданының ішкі істер бөлімі | Бесқарағай ауылы, Әуезов көшесі, 45 | | 9-14-63, 9-18-61 | 9-14-63, 9-18-61 |
| 8) | Бородулиха ауданының ішкі істер бөлімі | Бородулиха ауылы, Бейбітшілік даңғылы, 16 | | 2-10-27 | 2-15-63 |
| 9) | Глубокое ауданының ішкі істер бөлімі | Глубокое ауылы, Попович көшесі, 44 | | 2-18-80, 2-26-77 | 2-29-75 |
| 10) | Жарма ауданының ішкі істер бөлімі | Қалбатау ауылы, Бабатайұлы көшесі, 36 | | 6-57-54 | 2-66-40 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11) | Зайсан ауданының ішкі істер бөлімі | Зайсан қаласы, Сәтпаев көшесі, 14 | | 2-12-02, 2-13-06 | 2-12-02, 2-13-06 |
| 12) | Катон-Қарағай ауданының ішкі істер бөлімі | Үлкен Нарын ауылы , Абай көшесі, 1 | | 2-13-02 | 2-13-02 |
| 13) | Көкпекті ауданының ішкі істер бөлімі | Көкпекті ауылы, Астана көшесі, 33 | | 2-17-94, 2-19-49 | 2-17-94, 2-19-49 |
| 14) | Күршім ауданының ішкі істер бөлімі | Күршім ауылы, Новая көшесі, 10 | | 3-17-76, 3-21-58 | 3-17-76, 3-21-58 |
| 15) | Тарбағатай ауданының ішкі істер бөлімі | Аксуат ауылы, Қабанбай ауылы, 1 | | 2-18-03 | 2-18-03 |
| 16) | Ұлан ауданының ішкі істер бөлімі | Молодежное кенті, 5-үй | | 2-74-33 | 2-74-33 |
| 17) | Үржар ауданының ішкі істер бөлімі | Үржар ауылы, Абылайхан көшесі, 171 | | 2-10-02 | 2-10-02 |
| 18) | Шемонаиха ауданының ішкі істер бөлімі | Шемонаиха қаласы, Интернациональный көшесі, 2 | | 2-15-66 | 2-15-71 |
| 19) | Курчатов қаласының полиция бөлімі | Курчатов қаласы, Абай көшесі, 10 | | 2-55-01 | 2-37-82 |
| 8. | Жамбыл облысының Ішкі істер департаменті | Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 80 | www.tarazpolice.kz | 43-39-44 | 43-37-31, 43-34-82 |
| 1) | Тараз қаласының Ішкі істер басқармасы | Тараз қаласы, Рысбек батыр көшесі, 5а | | 34-36-23 | 34-36-23 |
| 2) | Байзақ ауданының ішкі істер бөлімі | Сарыкемер ауылы, Орынқұлов көшесі, 9а | | 2-10-81 | 2-16-80 |
| 3) | Жамбыл ауданының ішкі істер бөлімі | Аса ауылы, Төле би көшесі, 178 | | 2-15-63 | 2-15-63 |
| 4) | Жуалы ауданының ішкі істер бөлімі | Б. Момышұлы ауылы, Рысбек батыр көшесі, 84 | | 2-16-20 | 2-16-20 |
| 5) | Қордай ауданының ішкі істер бөлімі | Қордай ауылы, Жібек жолы көшесі, 326 | | 2-20-02 | 2-20-02 |
| 6) | Мерке ауданының ішкі істер бөлімі | Мерке ауылы, Ысмайылов көшесі, 230 | | 2-25-40 | 2-49-30 |
| 7) | Мойынқұм ауданының ішкі істер бөлімі | Мойынқұм ауылы, Амангелді көшесі, 69 | | 2-44-45 | 2-44-45 |
| 8) | Сарысу ауданының ішкі істер бөлімі | Жаңатас қаласы, Әулие ата көшесі, 3 | | 6-29-13 | 6-32-70 |
| 9) | Талас ауданының ішкі істер бөлімі | Қаратау қаласы, Қонаев көшесі, 20 | | 6-27-14 | 6-27-14 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10) | Тұрар Рысқұлов ауданының ішкі істер бөлімі | Күлпан ауылы, Жібек жолы көшесі, 57 | | 2-14-50 | 2-14-50 |
| 11) | Шу ауданының ішкі істер бөлімі | Шу қаласы, Сәтпаев көшесі, 130 | | 2-48-02 | 2-48-02 |
| 9. | Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті | Орал қаласы, Пугачев көшесі, 45 | www.dvdzko.kz, www.sokolur@mail.ru | 98-40-30 | 98-45-17 98-40-17 |
| 1) | Орал қаласының Ішкі істер басқармасы | Орал қаласы, Космическая көшесі , 10 | | 92-18-33 | 92-18-14 |
| 2) | Ақжайық ауданының ішкі істер бөлімі | Чапаев ауылы, Қазақстан көшесі, 71 | | 91-2-02 | 91-0-66 |
| 3) | Бөкейорда ауданының ішкі істер бөлімі | Сайхин кенті, Әбілқайыр хан к-сі, 21 | | 21-5-68 | 21-5-61 |
| 4) | Бөрлі ауданының ішкі істер бөлімі | Ақсай қаласы, 2-шағын аудан, 28 | | 9-39-17 | 9-39-46 |
| 5) | Жаңақала ауданының ішкі істер бөлімі | Жаңақала ауылы, Халық Достығы, 53 | | 2-19-20 | 2-19-21 |
| 6) | Жәнібек ауданының ішкі істер бөлімі | Жәнібек ауылы, Қазақстан көшесі, 45 | | 21-5-03 | 21-1-05 |
| 7) | Зеленов ауданының ішкі істер бөлімі | Переметный ауылы, Достық көшесі, 64 | | 22-0-02 | 22-2-61 |
| 8) | Қазталов ауданының ішкі істер бөлімі | Қазталов ауылы, С. Датов көшесі, 21 | | 31-0-08 | 31-1-02 |
| 9) | Қаратөбе ауданының ішкі істер бөлімі | Қаратөбе ауылы, С. Датов көшесі, 16 | | 31-3-25 | 31-7-02 |
| 10) | Сырым ауданының ішкі істер бөлімі | Сырым ауылы, Қазақстан көшесі, 7 | | 31-1-37 | 21-5-45 |
| 11) | Тасқала ауданының ішкі істер бөлімі | Тасқала ауылы, Мирная көшесі 9 | | 21-1-86 | 21-8-45 |
| 12) | Теректі ауданының ішкі істер бөлімі | Федоровка ауылы, Юбилейный көшесі, н/ж | | 23-2-66 | 21-1-86 |
| 13) | Шыңғырлау ауданының ішкі істер бөлімі | Шыңғырлау ауылы, Қазақстан көшесі, 7 | | 33-6-39 | 33-2-39 |
| 10. | Қарағанды облысының Ішкі істер департаменті | Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 118 | www.krgdvd.kz | 42-90-19, 42-91-69 | 44-20-07, 44-70-27 |
| 1) | Қарағанды қаласының Ішкі істер басқармасы | Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 118 | | 40-71-97 | 56-42-51, 74-22-56, 44-51-69, 46-30-31 |
| 2) | Жезқазған қаласының Ішкі істер басқармасы | Жезқазған қаласы, Сейфулин көшесі, 35 | | 76-13-68 | 76-43-98 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3) | Теміртау қаласының Ішкі істер басқармасы | Теміртау қаласы, Мичурин көшесі, 8 | | 98-43-15 | 5-43-15 |
| 4) | Абай ауданының Ішкі істер басқармасы | Абай қаласы, К. Маркс көшесі, 42а | | 4-46-66 | 4-46-66 |
| 5) | Бұхар жырау ауданының Ішкі істер басқармасы | Ботақара кенті, Бұхар жырау көшесі , 4 | | 2-11-78 | 2-16-55 |
| 6) | Балқаш қаласының ішкі істер бөлімі | Балқаш қаласы, Бөкейхан көшесі, 22 | | 4-03-72 | 4-46-72 |
| 7) | Қаражал қаласының ішкі істер бөлімі | Қаражал қаласы, Тойымбек көшесі, 8 | | 4-16-30 | 4-16-30 |
| 8) | Саран қаласының ішкі істер бөлімі | Саран қаласы, Жамбыл көшесі, 60 | | 2-52-02 | 2-67-12 |
| 9) | Сәтпаев қаласының ішкі істер бөлімі | Сәтпаев қаласы, Абай көшесі, 6а | | 3-44-83 | 2-31-63 |
| 10) | Шахтинск қаласының ішкі істер бөлімі | Шахтинск қаласы, К . Маркс көшесі, 42а | | 4-04-07 | 4-23-70 |
| 11) | Ақтоғай ауданының ішкі істер бөлімі | Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 3 | | 2-16-90 | 2-16-90 |
| 12) | Жаңаарқа ауданының ішкі істер бөлімі | Атасу ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 10 | | 2-64-70 | 2-64-70 |
| 13) | Қарқаралы ауданының ішкі істер бөлімі | Қарқалы қаласы, М. Әуезов көшесі, 31 | | 3-12-02 | 3-10-86 |
| 14) | Нұра ауданының ішкі істер бөлімі | Киевка кенті, Талжанов көшесі, 5 | | 2-12-88 | 2-29-01 |
| 15) | Осакаровка ауданының ішкі істер бөлімі | Осакаровка ауылы, Литвиновская көшесі, 9 | | 4-16-55 | 4-13-82 |
| 16) | Ұлытау ауданының ішкі істер бөлімі | Ұлытау ауылы | | 2-11-02 | 2-11-02 |
| 17) | Шет ауданының ішкі істер бөлімі | Ақсу-Аюлы кенті, Шортанбай көшесі, 16 | | 2-12-02 | 2-12-02 |
| 11. | Қызылорда облысының Ішкі істер департаменті | Қызылорда қаласы, Төлебаев көшесі, 39А | www.dvdkzo.kz | 27-44-10 | 6-11-32, 7-09-58 |
| 1) | Қызылорда қаласының Ішкі істер басқармасы | Қызылорда қаласы, Төле би көшесі 136 | | 27-45-47 | 29-71-10 |
| 2) | Арал ауданының ішкі істер бөлімі | Арал қаласы, Бақтыбай батыр к-сі , 27 | | 2-10-01 | 2-21-02 |
| 3) | Жалағаш ауданының ішкі істер бөлімі | Жалағаш ауылы, Желтоқсан көшесі, 1 | | 3-16-92 | 3-10-82 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4) | Жаңақорған ауданының ішкі істер бөлімі | Жаңақорған ауылы, Қожанов көшесі, | | 24-1-25 | 24-1-03 |
| 5) | Қазалы ауданының ішкі істер бөлімі | Кент Әйтеке би ауылы, Біржан сал көшесі, 86 | | 2-16-40 | 2-14-93 |
| 6) | Қармақшы ауданының ішкі істер бөлімі | Жосалы кенті, Көшербаев көшесі, 39 | | 2-10-03 | 2-11-81 |
| 7) | Сырдария ауданының ішкі істер бөлімі | Тереңөзек ауылы, Амангелді көшесі, 47 | | 21-2-82 | 3-10-87 |
| 8) | Шиелі ауданының ішкі істер бөлімі | Шиелі кенті, М. Шоқай көшесі, 7 | | 4-21-60 | 4-20-56 |
| 12. | Қостанай облысының Ішкі істер департаменті | Қостанай қаласы, Баймағамбетов көшесі, 197 | www.kostanaypolice.kz | 52-60-19, 52-63-13 | 52-60-15, 52-60-36 |
| 1) | Арқалық қаласының Ішкі істер басқармасы | Арқалық қаласы, Байтұрсынов көшесі , 16 | | 7-10-17 | 7-27-45 |
| 2) | Жітіқара қаласының және Жітіқара ауданының ішкі істер бөлімі | Жітіқара қаласы, 5 в-шағын ауданы, 18 | | 2-09-09 | 2-09-22 |
| 3) | Қостанай қаласының ішкі істер басқармасы | Қостанай қаласы, Таран көшесі, 36 | | 52-68-00 | 52-68-37 |
| 4) | Лисаковск қаласының ішкі істер бөлімі | Лисаковск қаласы, 1 а-шағын ауданы | | 3-38-51 | 3-48-07 |
| 5) | Рудный қаласының ішкі істер бөлімі | Рудный қаласы, Горняк көшесі, 7 | | 4-55-10 | 2-84-39 |
| 6) | Алтынсарин ауданының ішкі істер бөлімі | Силантьевка кенті, Ленин көшесі, 51 | | 2-12-55 | 2-15-13 |
| 7) | Амангелді ауданының ішкі істер бөлімі | Амангелді кенті, Дүйсенбин көшесі, 16 | | 2-11-33 | 2-11-33 |
| 8) | Әулиекөл ауданының ішкі істер бөлімі | Әуликөл ауылы, Ленин көшесі, 34 | | 2-10-35 | 2-10-38 |
| 9) | Денисов ауданының ішкі істер бөлімі | Денисовка кенті, Ленин көшесі, 16 | | 9-11-72 | 9-17-51 |
| 10) | Жангелдин ауданының ішкі істер бөлімі | Торғай кенті, Алтынсарин көшесі, 7 | | 2-14-00 | 2-14-00 |
| 11) | Қамысты ауданының ішкі істер бөлімі | Қамысты кенті, Ержанов көшесі, 87 | | 2-14-01 | 2-20-55 |
| 12) | Қарабалық ауданының ішкі істер бөлімі | Қарабалық кенті, Нечепуренко көшесі , 2 | | 3-30-33 | 3-38-53 |
| 13) | Қарасу ауданының ішкі істер бөлімі | Қарасу ауылы, Исаков көшесі, 80 | | 2-12-68 | 2-18-42 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 14) | Қостанай ауданының ішкі істер бөлімі | Затабол кенті, Калинин көшесі, 78 | | 2-31-61 | 2-31-62 |
| 15) | Меңдіқара ауданының ішкі істер бөлімі | Боровское кенті, Ленин көшесі, 7 | | 2-13-97 | 2-15-39 |
| 16) | Наурызым ауданының ішкі істер бөлімі | Қарамеңді кенті, Абылай хан көшесі, 24 | | 2-14-45 | 2-14-45 |
| 17) | Сарыкөл ауданының ішкі істер бөлімі | Сарыкөл кенті, Пушкин көшесі, 102 | | 2-13-68 | 2-18-22 |
| 18) | Таран ауданының ішкі істер бөлімі | Таран ауылы, Советская көшесі, 10 | | 3-61-01 | 3-61-01 |
| 19) | Ұзынкөл ауданының ішкі істер бөлімі | Ұзынкөл ауылы Абылайхан көшесі, 34 | | 2-15-53 | 2-12-03 |
| 20) | Федоров ауданының ішкі істер бөлімі | Федоров ауылы, Ленин көшесі, 10 | | 2-24-67 | 2-11-87 |
| 13. | Маңғыстау облысының Ішкі істер департаменті | Ақтау қаласы, 12-шағын аудан | www.mdvd.kz www.ubdmang@mail.kz | 43-08-76 | 50-43-72, 50-56-96 |
| 1) | Ақтау қаласының ішкі істер басқармасы | Ақтау қаласы, 3-шағын ауданы, 123 | | 47-48-79 | 47-48-89 |
| 2) | Жаңаөзен қаласының ішкі істер басқармасы | Жаңаөзен қаласы, Спортивная көшесі, 6 | | 31-5-85 | 31-3-59 |
| 3) | Бейнеу ауданының ішкі істер бөлімі | Бейнеу кенті, Досан батыр к-сі, 2 | | 2-25-89 | 2-25-89 |
| 4) | Қарақия ауданының ішкі істер бөлімі | Құрық кенті, 1-шағын ауданы, 1 | | 21-2-99 | 21-2-77 |
| 5) | Маңғыстау ауданының ішкі істер бөлімі | Шетпе кенті, Б. Момышұлы көшесі, 15 | | 21-2-48 | 21-4-00 |
| 6) | Мұнайлы ауданының ішкі істер бөлімі | Мұнайлы кенті, Рысқұлов көшесі, 11 | | 46-63-73 | 46-63-87 |
| 7) | Түпқараған ауданының ішкі істер бөлімі | Форт-Шевченко қаласы, Оңалбаев көшесі, 4 | | 22-7-54 | 22-4-64 |
| 14. | Павлодар облысының Ішкі істер департаменті | Павлодар қаласы, Торайғыров көшесі, 70/1 | www.dvdpavlodar.kz | 32-04-52, 39-11-15 | 32-04-08, 39-11-50 |
| 1) | Павлодар қаласының ішкі істер басқармасы | Павлодар қаласы, Лермонтов көшесі, 51/1 | | 32-76-81, 32-81-92 | 37-76-35, 32-69-54 |
| 2) | Ақсу қаласының ішкі істер бөлімі | Ақсу қаласы, Донентаев көшесі, 5 | | 39-19-02, 39-19-01 | 39-19-02 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3) | Екібастұз қаласының ішкі істер басқармасы | Екібастұз қаласы, Ленин көшесі, 98 | | 34-09-27 | 34-91-42 |
| 4) | Ақтоғай ауданының ішкі істер бөлімі | Ақтоғай ауылы, Қайырбай көшесі, 48 | | 2-12-87, 39-19-06 | 21-4-54 |
| 5) | Баянауыл ауданының ішкі істер бөлімі | Баянауыл ауылы, Сәтпаев көшесі, 28 | | 9-12-53 | 9-12-53 |
| 6) | Железин ауданының ішкі істер бөлімі | Железин ауылы, Пушкин көшесі, 9 | | 39-19-10 | 39-19-10 |
| 7) | Ертіс ауданының ішкі істер бөлімі | Ертіс ауылы, Искаков көшесі, 95 | | 2-13-41 | 39-19-12 |
| 8) | Қашыр ауданының ішкі істер бөлімі | Тереңкөл ауылы, Сейфуллин көшесі, 58 | | 21-2-05 | 21-2-02 |
| 9) | Лебяжі ауданының ішкі істер бөлімі | Аққу ауылы, Амангелді көшесі, 69 | | 39-19-15 | 2-15-79 |
| 10) | Май ауданының ішкі істер бөлімі | Көктөбе ауылы, Абылайхан көшесі, 43 | | 39-19-17 | 39-19-18 |
| 11) | Павлодар ауданының ішкі істер бөлімі | Павлодар қаласы, Суворов көшесі | | 39-19-20 | 39-19-19 |
| 12) | Успенск ауданының ішкі істер бөлімі | Успенск ауылы, Терешкова көшесі, 30 | | 39-19-22, 91-7-02, 92-7-02 | 91-9-67 |
| 13) | Шарбақты ауданының ішкі істер бөлімі | Шарбақты ауылы, Совет көшесі, 59 | | 39-19-24 | 39-19-23 |
| 15. | Солтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті | Петропавл қаласы, Жұмабаев к-сі, 118 | www.police.sko.kz | 39-40-20, 39-41-63 | 49-43-53, 49-44-33 |
| 1) | Петропавл қаласының ішкі істер басқармасы | Петропавл қаласы, М. Жұмабаев көшесі, 118 | | 39-48-39, 39-48-28 | 39-48-66 |
| 2) | Айыртау ауданының ішкі істер бөлімі | Саумалкөл ауылы, Ш. Уәлиханов көшесі, 24 | | 39-21-03 | 39-21-03 |
| 3) | Ақжар ауданының ішкі істер бөлімі | Талшық ауылы, Абылай хан көшесі, 9 | | 39-20-97, 2-15-72 | 2-15-72 |
| 4) | Аққайың ауданының ішкі істер бөлімі | Смирнов кенті, Труд көшесі, 6 | | 39-20-98 | 39-20-98 |
| 5) | Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ішкі істер бөлімі | Новоишимский ауылы, Әуелбеков көшесі, 54 | | 39-21-09 | 39-21-09 |
| 6) | Есіл ауданының ішкі істер бөлімі | Явленка ауылы, Ибраев көшесі, 13 | | 39-21-01, 2-13-90 | 2-13-90 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7) | Жамбыл ауданының ішкі істер бөлімі | Пресновка ауылы, Достық көшесі, 17 | | 39-21-02, 2-14-35 | 2-14-35 |
| 8) | Қызылжар ауданының ішкі істер бөлімі | Бескөл кенті, Гагарин көшесі, 8 | | 39-13-14, 2-10-32 | 2-10-32 |
| 9) | Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі істер бөлімі | Булаево кенті, Юбилейная көшесі, 54 | | 39-20-99, 2-11-63 | 2-11-63 |
| 10) | Мамлют ауданының ішкі істер бөлімі | Мамлютка кенті, Ленин көшесі, 3 және 45 | | 39-21-04 | 39-21-04 |
| 11) | Тайынша ауданының ішкі істер бөлімі | Тайынша кенті, Центральный тұйық көшесі, 20 | | 39-21-06 | 39-21-06 |
| 12) | Тимирязев ауданының ішкі істер бөлімі | Тимирязев кенті, Плетнева көшесі, 15 | | 39-21-07 | 39-21-07 |
| 13) | Уәлиханов ауданының ішкі істер бөлімі | Кішкенекөл кенті, Ш. Уәлиханов көшесі, 88 | | 39-21-08 | 39-21-08 |
| 14) | Шал ақын ауданының ішкі істер бөлімі | Сергеевка кенті, Шал ақын көшесі, 14 | | 39-21-05, 2-09-10 | 2-09-10 |
| 16. | Оңтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті | Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 13 | www.dvd-uko.kz | 97-66-26, 97-65-85, 97-65-90 | 97-67-41, 97-67-67 |
| 1) | Түркістан қаласының Ішкі істер басқармасы | Түркістан қаласы, Ерубаев көшесі, н/ж | | 4-15-02 | 4-12-73 |
| 2) | Шымкент қаласының Ішкі істер басқармасы Еңбекші ауданы ІІБ Абай ауданының ІІБ Әл-Фараби ауданының ІІБ | Шымкент қаласы, Қалдаяқов көшесі, 5 , Желтоқсан көшесі, 3 , Елшібек батыр көшесі, 110А | | 56-02-61, 97-64-13, 57-27-50, 98-06-21 | 98-07-42, 97-64-38, 98-06-31 |
| 3) | Мақтаарал ауданының Ішкі істер басқармасы | Жетісай қаласы, М. Әуезов көшесі, н/ж | | 6-70-20 | 6-70-20 |
| 4) | Сайрам ауданының Ішкі істер басқармасы | Ақсукент қаласы, Жібек жолы көшесі, н/ж | | 2-12-90 | 2-12-90 |
| 5) | Сарыағаш ауданының Ішкі істер басқармасы | Сарыағаш қаласы, Тасбалтаев көшесі, 39 | | 2-15-73 | 2-15-73 |
| 6) | Кентау қаласының ішкі істер бөлімі | Кентау қаласы, Жамбыл көшесі, 29 | | 3-34-61 | 3-34-61 |
| 7) | Арыс ауданының ішкі істер бөлімі | Арыс қаласы, Аймауытов көшесі, 35 | | 2-14-02 | 2-14-02 |
| 8) | Бәйдібек ауданының ішкі істер бөлімі | Шаян ауылы, Бәйдібек көшесі, н/ж | | 2-10-76 | 2-10-76 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9) | Қазығұрт ауданының ішкі істер бөлімі | Қазығұрт ауылы, Қонаев көшесі, н/ж | | 2-12-46 | 2-12-46 |
| 10) | Ордабасы ауданының ішкі істер бөлімі | Темірлан ауылы, Т. Рысқұлов көшесі, 3 | | 2-14-13 | 2-14-13 |
| 11) | Отырар ауданының ішкі істер бөлімі | Шәуілдір ауылы, Сәрсенбаев көшесі, 5 | | 2-12-59 | 2-12-59 |
| 12) | Созақ ауданының ішкі істер бөлімі | Шолақ Қорған ауылы, Жібек жолы көшесі, 75 | | 4-14-02 | 4-14-02 |
| 13) | Төле би ауданының ішкі істер бөлімі | Леңгір қаласы, Жамбыл көшесі, н/ж | | 6-16-02 | 6-16-02 |
| 14) | Түлкібас ауданының ішкі істер бөлімі | Т. Рысқұлов ауылы, Рысқұлов көшесі, 198 | | 5-18-14 | 5-18-14 |
| 15) | Шардара ауданының ішкі істер бөлімі | Шардара қаласы, Б. Момышұлы көшесі, 16 | | 2-23-82 | 2-23-82 |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 2102 қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандартына 2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге

_______________________________________________________
(тұтынушының Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы)

**құжаттар қабылдау туралы**
**№___ ТАЛОН**

Қабылданған құжаттардың тізбесі:

1. ______________________________________________
2. ______________________________________________
3 .______________________________________________
4 .______________________________________________
5. ______________________________________________
6 .______________________________________________
7 .______________________________________________
8. ______________________________________________
9. ______________________________________________

_______________________________________________________

_______________________________________________________

_______________________________________________________

Қабылдаған: ____________________________________ /_________ / ________________

(ІІД ККПБ қызметкерінің лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

________ ж. «___» ______________

Берілген күні және уақыты: _____ ж. «___» ___ сағат ___ минут

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 2102 қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандартына 3-қосымша

## Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің нысаналы келесі жылдағы мәні | Есепті жылдағы көрсеткіштің ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **1. Уақтылылығы** | | | |
| 1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап қызметті белгіленген мерзімде ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі) | | | |
| **2. Сапасы** | | | |
| 2.1. Қызмет көрсету үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | | | |
| **3. Қол жетімділігі** | | | |
| 3.1. Қызмет көрсету сапасы мен оны көрсету туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі) | | | |
| 3.2. Ақпаратына электрондық форматы кол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі) | | | |
| **4. Шағымдану үдерісі** | | | |
| 4.1. Қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізді шағымдардың %-ы (үлесі) | | | |
| **5. Сыпайылық** | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанатын тұтынушылардың %-ы (үлесі) | | | |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 2102 қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандартына
4-қосымша

| |
|---|
| **Т а л о н** |
| **____________________________________________________** |
| **(субъектінің атауы)** |
| Өтінішті қабылдаған _______________________________________<br>(маманның Т.А.Ә.) |
| 20__ жылғы «____» ______ сағ. _______ мин. |

(өлшемі 75мм х 55мм)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК